

**"Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**  
**" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 тамыздағы № 691 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы  
» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ «**  
**Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы»**  
**Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен**  
**толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» 2007 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 11, 72-құжат; 2008 ж., № 13-14, 53-құжат; 2012 ж., № 12, 82-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 4 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) Қазақстан Республикасы оларға қатысты жалғыз акционер (қатысушы) болып табылатын мемлекеттік заңды тұлғалардың, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, сондай-ақ өзге де акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің мемлекеттік нышандарға арналған экспозиция үшін бөлінген үй-жайларында (үй-жайларының бір бөлігінде);»;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

10) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күнін мерекелеу, ресми және салтанатты рәсімдер, спорттық іс-шаралар кезінде;»;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Қарулы Күштердің әскери құрамаларында, бөлімдерінде, бөлімшелерінде,

мекемелерінде және басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда Мемлекеттік Туды және оның бейнесін пайдалану (тігу, орналастыру) тәртібі жалпы әскери жарғыларда айқындалады.» ;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мемлекеттік Туды және оның бейнесін пайдалану (тігу, орналастыру) тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.»;

2) 5-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік ұйымдар мен өкілдіктер пайдаланатын шет мемлекеттердің тулары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туымен қатар орналастырылады.»;

3 ) 6 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктің 3) тармақшасындағы «ұдайы орналастырылады.» деген сөздер «ұдайы;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) Қазақстан Республикасы оларға қатысты жалғыз акционер (қатысушы) болып табылатын мемлекеттік заңды тұлғалардың, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, сондай-ақ өзге де акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің мемлекеттік нышандарға арналған экспозиция үшін бөлінген үй-жайларында (үй-жайларының бір бөлігінде) орналастырылады.» ;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Қарулы Күштердің әскери құрамаларында, бөлімдерінде, бөлімшелерінде, мекемелерінде және басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда Мемлекеттік Елтаңбаны және оның бейнесін пайдалану (орнату, орналастыру) тәртібі жалпы әскери жарғыларда айқындалады.» ;

4-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасын және оның бейнесін пайдалану (орнату, орналастыру) тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.»;

4 ) 8 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Қазақстан Республикасы оларға қатысты жалғыз акционер (қатысушы) болып табылатын мемлекеттік заңды тұлғалардың, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, сондай-ақ өзге де акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің мемлекеттік нышандарға арналған экспозиция үшін бөлінген үй-жайларында (үй-жайларының бір бөлігінде) Мемлекеттік Гимннің мәтіні міндетті түрде орналастырылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің мәтінін пайдалану (орнату, орналастыру) тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Қарулы Күштердің әскери құрамаларында, бөлімдерінде, бөлімшелерінде, мекемелерінде және басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда Мемлекеттік Гимнді орындау және оның мәтінін пайдалану тәртібі жалпы әскери жарғыларда айқындалады.» ;

5 ) 1 0 - б а п т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің мәтінін пайдалану (тігу, орналастыру) қағидаларын бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күнін мерекелеу қағидаларын бекіту;» ;

б) 11-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мемлекеттік рәміздер мен геральдикалық белгілер мәселелері жөніндегі сараптама кеңесін құрады, сондай-ақ ол туралы ереже әзірлейді және бекітеді;».

**2-бап.** Осы Конституциялық заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*